

Қырғыз Республикасына ізгілік көмегін көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 шілдедегі N 689

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің табиғи зілзаланың нәтижесінде зардап шеккен Қырғыз Республикасының халқына 100 киіз үй жиынтығы мен 1-сортты 120 тонна (екі темір жол вагоны) ұн түрінде ізгілік көмегін көрсету туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғандағы, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған резервтік қорынан 6 (алты) млн. 580 (бес жүз сексен) мың теңге, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне - мемлекеттік резервтен 100 жиынтық алты қанатты киіз үй шығару жөніндегі шығыстарды өтеуге 3 млн. 380 мың теңге және ұнды сатып алуға және тиеуге байланысты шығыстарды өтеуге 3 млн. теңге;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне - ізгілік жүгін тасымалдауға байланысты шығыстарды өтеуге 200 мың теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ізгілік көмегі тиелген вагондарды Тараз қаласынан Қырғыз Республикасының Ош қаласына жедел жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ізгілік көмегін Қырғыз Республикасының аумағында қарсы алуды және оны арналуы бойынша беруді ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін және жоғарыда көрсетілген мақсатқа арналған қосымша шығыстар пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК